

ӘОЖ 343.8

Б.Р. Таубаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
PhD докторанты, 2 курс қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының, заң факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: t_bauka1114@mail.ru

Құқықтық және пенитенциарлық қауіпсіздік ұғымдарының арақатынасы

Мақалада құқықтық және пенитенциарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұғымы мен арақатынасы қарастырылады. Пенитенциарлық процестің негізгі субъектілері заңды теңдігі, оның заңдылығы мен тұтқынның және қылмыстық жазаны орындаудың пенитенциарлық құралы тұтқынның және сотталушының өкіну процесінің субъективті түрін еркін таңдай алумен анықталады. Сотталушының, тұтқынның және қызметкерлердің құқығының қамтылғандығының нақты тепе-теңсіздігі сотталушының өзін қорғау құқығын белсенді күшейта алады, соның ішінде прокуратураға, соттарға, құқыққорғау органдары мен ұйымдардың әрекетін бақылаушы, адам құқығын қорғау Еуропалық сотына арыз беруіне болады. Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамсыздандырудың мәні пенитенциарлық құқықтың құқықтық күштілігін құрайды, ол заңда белгіленген заңдылық, адамгершіліктік, демократияшылдық, құқықтық шындық, теңдік, өкіну және т.б. материалдық жиынтықтар құқықтық құбылыстардың принциптері мен белгілері. Бұл қауіпсіздікті құрайтын материалдық жиынтық – пенитенциарлық процестердің, қатынастардың, олардың өмір тіршілігіндегі субъектілері мен басқа да элементтерінің қорғалған жағдайы.

Түйін сөздер: пенитенциарлық қауіпсіздік, қылмыстық-атқару құқықығы, түзеу-тәрбиелеу жұмыстары, еңбек, сотталғандар, бас бостандығынан айыру.

Б.Р. Таубаев

Соотношение понятий правовой и пенитенциарной безопасности

В данной статье рассматривается соотношение понятий правовой и пенитенциарной безопасности, обусловленное правовой безопасностью пенитенциарного законодательства, исключающей наличие в нем коррупциогенных, противоречивых норм. Обеспечение пенитенциарной безопасности обусловлено правовой безопасностью (определенностью) пенитенциарного законодательства, исключающей наличие в нем коррупциогенных, противоречивых норм, пробелов и т.д. Коррупциогенность заключается в установлении правоприменительно необоснованно широких пределов усмотрения и возможности необоснованного применения исключений из общих правил. Обеспеченная пенитенциарная безопасность может быть определена как реальность законности, гуманизма, демократизма, субъективных процессов покаяния в практике исполнения и отбывания арестов и уголовных наказаний. По сути, обеспечение пенитенциарной безопасности является проявлением и воплощением гуманизма и покаяния, а фактический пенитенциарный гуманизм и есть обеспеченная пенитенциарная безопасность.

Ключевые слова: пенитенциарная безопасность, уголовно-исполнительные права, воспитательно-исправительные работы, труд, осужденные, лишение свободы.

B.R. Taubayev

Value concepts of legal and prison security

This article examines the legal and prison security concerns of the penitentiary system in the Republic of Kazakhstan. In this ensuring security prison due to legal security prison legislation, which excludes the presence of a corruption-conflicting standards? Ensuring security prison due to legal security (certainty) prison legislation, which excludes the presence of a corruption-conflicting rules, spaces, etc. Propensity for corruption, which consists in established lenient enforcers unreasonably wide margin of discretion and opportunities unreasonable application of exceptions to the rules

ing, ensuring prison security can be defined as DELENA reality legality, humanism, democracy, subjects projective processes in the practice of penance and execution serving arrest and criminal penalties. In fact, the software security penitentiary ary is a manifestation and embodiment of humanitarian ism and repentance, and the actual detention and humanism has provided security prison

Key words: prison security, penal law, educational and correctional work, labor, convicted, imprisonment.

Қауіпсіздіктің әрқайсысы нақты қауіптерден қорғануды ұсынады, ал керісінше қауіптің өзгешеліктері қажетті қауіпсіздіктің (қорғампаздыққа) түрлерін, әдіс-айлаларын, оның камсыздандырылғанын (барлығын, күзетілгені, қорғалғаны) және өзін-өзі қамтамасыз етуін алдын ала анықтайды.

Заңда және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде қарама-қайшылықтығы (коллизияндық), сыбайластылығы, нормалардың құқықтық мағынасының белгісіздігі – позитивтік құқықтағы негізгі «құқықтық» қауіптердің қауіпті және кең тараған түрі ретінде олардың қолданылуын атап өтеді, олар заңды қауіптің құқықтық қолданылуын: құқықтық ұстанымдардың (менсінбеушілік), негізгі құқық пен еркіндіктің бұзылуы, құқықтық қиянатшылық, құқық қолданушылардың ырқы және т.б. белгіленеді.

"Құқықтық" қауіптің зияндығы заңды шешім мен тәртіптің бірнеше ережесінің заңды мүмкіндігінен құралады, ал бір-біріне қарама-қайшы нұсқалар, соның ішінде формалдық заңды шешімдер, ол құқыққа қиянат жасайтын құқық қолданушылардың ырқына байланысты. "Құқықтық" қауіптер құқықтық жүйеде құқықтың антиподтары – жағымды құқықтағы құқықсыздар, құқық қолданудағы құқықтық, заңды қарама-қайшылықтар мен конфликтілер факторлары және құқық қолданушыларының құқықтық ниглизм, т.б. болып табылады.

"Құқықтық" және заңды қауіптердің кешендері шын мәнісінде нақты құқықтық емес – квазикұқықтық заңдық тәжірибесінде құқық қолданушылардың (адвокаттардың, тергеушілердің, судьялардың, Ресейдің қылмыстық атқарушылар жүйесінің қызметкерлерінің – бұдан әрі ҚАЗ және т.д.) квазикұқықтық және заңды тәжірибедегі механизмде сыбайластық технологияның құралы ретінде заңды пайдаланады. Ол әлеуметтік қауіпсіздік түрлерін, құқықтық сапасын, құқықтық және еркіндікті заңды камсыздандырмайды. Осы механизм "құқықтық" қауіп деңгейін, заңды қауіп деңгейін, "қылмыстық қоғам" – әлеуметтік деңгейін құрайды, бұл өзінің

құқыққа қарсы қажеттіліктерді сыбайласу және құқық қолданушылардың сыбайластық жүйеде және басқа да криминалдық қатынастарда – құқықтық қатынастардағы антиподтар, соның ішінде құқықтық қатынастар қауіпсіздігінде қауіптің бірінші және екінші деңгейінің қалыптасып, өршуін қанағаттандырады [1].

Құқықтық қауіпсіздік қауіпсіздіктің дербес түрі сияқты "құқықтық" және заңды қауіптерден нормативтік құқықтық актілердің қорғампаздығы және камсыздандырудың құқықтық сапасы мен камсыздандырылған әлеуметтік қауіпсіздіктің түрлерін анықтайды.

Қоғамның пенитенциарлық шеңберінің қауіптері үш негізгі және әлеуметтік қауіптің өзара байланысқан түрлерін: 1) қылмыскерге тән кез-келген әлеуметтік тұрмыстағы өмір тіршілігіне қылмыскердің қауіпті; 2) қылмыстық-атқарушы қауіптерді; 3) пенитенциар қауіптерді құрайды.

Қылмыстық-атқарушылардың зиянды қауіпі: 1) тұтқындар мен сотталғандар уәдесіздігі немесе қылмыстық-атқарушы міндеттің тиісті орындалмауы – қылмыстық-атқарушы құқық-бұзушылықтар; 2) тұтқындалғандар мен сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігіне өзара және тұрмыстық жағдайда азаматтық, әкімшіліктік, қылмыстық құқық бұзушылығынан басқа субмәдениеттің қылмыстық (абақтылық) тұрғыда пайда болған жеке басының қауіпсіздігі; 3) өртке қарсы, экологиялық, өндірістік қауіпсіздік ережелерінің бұзылу қауіпсіздігі; 4) қылмыстық субмәдениеттік өмір тіршілігінде кейбір тұтқындар мен сотталғандардың басқаларды қылмыстық-атқарушы міндеттерін орындауға тиісті немесе тиісті емес міндеттерге тартуы; 5) заңсыз немесе формалдық заңды қылмыстық-атқарушы шешімдерді қабылдау және өзге қылмыстық-атқарушы құқықпен (құқықтармен) қиянатшылығы, қызметкерлердің қылмыстық-атқарушылық міндеттерін орындамауы; 6) түрмеде жазаларды өтеу барысында сотталғандардың ортасында ұйымдастырушылық, материалдық, идеологиялық негіздің сақталуы; 7) басқалар. Аталған құқық

бұзушылықтың нақты қауіп мүлкітік, моральдық, қылмыстық-атқарушылық, қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т.б. болуы мүмкін. [2]

Осы аталған қауіптер қылмыстық, оперативті-іздеушілік, еңбектік, қылмыстық-атқарушылық, азаматтық, зейнеткерлік, өртке қарсы, санитарлық және басқа заңнамалық бұзушылықтар болып табылады. Барлық осы қауіптердің жиынтығын кең мағынадағы қылмыстық-атқарушылық қауіптердің түрлері құрайды. Тар мағынада қылмыстық-атқарушылық қауіптер – бұл тек петицианарлық (қылмыстық-атқарушылық) талаптарының нормаларынан шегіну және қарауда ұста заңнамасының мазмұны. Қылмыстық-атқарушылық қауіптің мәнді белгісі (сипаты) қылмыстық-атқарушылық үрдісті бұзбай отырып, не бұзбай-ақ оның зияндығының деңгейі мен бағыты болып табылады. Қауіптің болуын және оның болмауын ұйымдастыру пенитенциарлық деп аталады.

Жеке адамаға, қоғамға, мемлекетке ҚАЖ-нде және одан тыс пенитенциарлық қауіптер мен зияндар деп: 1) басқарманың қылмыстық-атқару тәртібімен, процесімен, қауіпсіздігімен қамтамасыз ету мен қамтамасыз етпеудің төменгі деңгейі, қылмыстық атқару жүйесіндегі қауіп барысында пайда болған антипенитенциарлық зиянның белгілері; 2) құқықтық, заңды қауіптің қажеттілігі және оның квазизаңнамалық тәжірибеде, квазипенитенциарлық қатынаста пайдаланылуы; 3) барлық заңға қарсы пенитенциарлық процесстермен заңды әдіс-тәсілдің, тәртіптердің ауыстырылуы; 4) тұтқындар мен сотталғандардың басқарманың тәртібіне, қызметкерлеріне, заң тәртібіне бағынатын өтеу мерзімі бітейін деген тұтқындар мен сотталғандарға қарсы әзірлеген және жасаған құқықбұзушылықтары мен қылмыстары; 5) өкірудің субъективті процесінен тұтқындар мен сотталғандардың бас тарту деңгейінің төмендігі; 6) ҚАЖ және ҚАЖ-нен мекемелеріндегі қызметкерлердің тұтқындар мен сотталғандардың ұйымдастырған қылмыстық топтарын құру мен криминалдық әрекеті; 7) басқалар [3].

Қоғамның пенитенциарлық аясына тән және оған төндіретін қауіптің пенитенциар шеңберінде әлеуметтік қауіпсіздіктің өзара байланысты екі түрі бар: 1) қылмыстық-атқару қауіпсіздігі, оған

тұтқындар мен сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы, қылмыстық өтеу мен тұтқында болғанда заңды қолайлы тұрмыстық, тұрғындық, еңбек және өзге жағдайлар жатады; 2) өтеудің пенитенциарлық қауіпсіздігі, оған субъективті пенитенциарлық процесстердің қауіпсіздік, пенитенциарлық субъектілер тұлғаларының, пенитенциарлық әрекеттегі қызметкердің өмірі және т.б. кіреді. Аталған тұтқындар мен қылмыстық өтеуін атқарып жақтан және бітіріп жатқандардың қауіпсіздігін аталаған түрлері қылмыстық атқару жүйесінің пенитенциарлық қауіпсіздігі үшін ішкі жүйесін құрайды.

Өтеу атқарумен белгіленеді және онымен түйіндес, бірақ ол өздігінен-өзі дербес талғамның салыстырмалы еркіндігінің пенитенциарлық өтеуі (тұтқындар мен сотталғандардың өкіну процесі: өкіну, түзету және әлеуметтік бейімделуі) салыстырмалы болып табылады. Қылмыстық-атқару қауіпсіздігін қамтамасыз ету қылмыстық-атқару процесінің және өтеудің пенитенциарлық бастамасының заңнамасына бағынады, ол өтеудің субъективті процесін қалыптастырады. Қылмыстық-атқару процесінің қауіпсіздігі мен заңдылығы өзара байланысты, бірақ ұқсас емес: қылмыстық-атқару қауіпсіздікті қамтамасыз ету қылмыстық-атқару процесінің заңды өзгеруіне алып келеді, онда қауіпсіздіктің қорғану шарасын қажетті қолданбайды, ал пенитенциарлықта қылмыстық-атқару қауіпсіздігінің зияндығын дамытпайды. Сәйкесінше, қылмыстық-атқару қауіпсіздігі тұтқындалу мен қылмыстық жазалаудың орындалуын, пенитенциарлық ұстанымдардың (адамдық, демократиялық және т.б.) және құқықтың заңдылығын қамтамасыз етеді, оған өкіну мен қауіпсіздік құқығын қосады, өтеу, пенитенциарлық мәдениет пен құқықтық тәртіптегі құқықтық қатынастың бастапқы пенитенциарлық өкірудің орындалуын қалыптастырады.

Тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің пенитенциарлық қауіпсіздігі қылмыстық атқару жүйесіндегі ішкі пенитенциарлық қауіпсіздіктен және тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің пенитенциарлық қауіпсіздігі үшін ҚАЖ-дың сыртқы қауіпсіздігін құрайды. Тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ішкі және оны анықтайтын сыртқы пенитенциарлық қауіпсіздігінің

бірлігі ұлттық қауіпсіздік – пенитенциарлық қауіпсіздіктің өзіндік түрі болып табылады. Ішкі пенитенциар қауіпсіздік сияқты пенитенциарлық орындаудың және пенитенциарлық өтеу қауіпсіздігінің бірлігі ретінде құралады, сондай-ақ материалдық, өндірістік және өзге тұрмыстық жағдайлар қауіпсіздігінің барлық пенитенциарлық орындалу мен өтелудің болуы, оны ұйымдастыру және оларды басқару. Сыртқы пенитенциарлық қауіпсіздік – бұл тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ҚАЖ-нен тыс ҚАЖ-дегі қызметкерлердің, сотталғандардың, тұтқындардың пенитенциарлық құқықтық тәртібін бұзатын әрекеттері, ол тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ҚАЖ-нен тыс ара қатынасында олардың қылмыстық-атқару жүйесінен алғанда қылмыстық әрекетін көрсетеді.

Құқықтық және пенитенциарлық қауіпсіздіктің арақатынасы. Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамсыздандыру пенитенциарлық заңнаманың құқықтық қауіпсіздігімен (айқындылықпен) түсіндіріледі, онда сыбайластылық, қарама-қайшылықтық нормаларды, олқылықтарды және т.б. болғызбайды. Сыбайластылық жалпы ережеде негізсіз қолданылуы мүмкін және құқық қолданушыға белгіленген негізсіз кең көлемде қарауын қамтиды, айталық, АБ бастықтарының құзыретіндегі құқықтық-атқару кодексінде қалыптасқан мазмұнда – «сотталғандардың кездесуі» 1б.89-баб, «сотталғандардың шығуы...» 1б.97-баб, «Сотталғандарға жеңілдік беру шаралары» 1 б. 113-баб, «Жеңілдік беру шараларының қолданылу тәртібі» 4б. 114-баб, «Сотталғандарға қолданылатын жазалау шаралары» 1 б. 115-баб, т.б. кейбір құқықтарын қамтамасыз етеді [4].

Құқық қолдану қауіптеріне нормалардың қарама-қайшылықтығы және қылмыстық жазасын атқарушылардың құқықтық мәртебесін анықтайтын құқықтық-атқарушы заңдардың принциптері болып табылады. Мысалы, қылмыстық-атқару заңнамасының алғашқы принциптеріне сотталғандардың адамгершілік, демократиялық, заң алдында теңдігі, жазаның түзету әрекетімен және басқаларымен қатар ретімен қолданылуы жатады. Алайда заң ұстанымдарының тең дәрежеде әрекеті, адамдықтың, демократизмнің Ресейдің жазасын өтеудің федералдық қызметі (ФСИН) қызметкерлері мен сотталғандардың құқық-

тарын қамтамасыз ету заңнамаларда қажетті жағдайда ескерілмейді. Мысалы, РФ ҚАК-де сотталғандардың құқығы егжей-тегжейлі баяндай отырып, осы құқықтарын қамтамасыз етуге кепілдендіріледі, бірақ сөйте тұра жазаны орындаушылардың нақты қорғалуына көңіл бөлмейді.

Тәптіштеудің көлемі мен деңгейін салыстыру, сотталғандардың және ФСИН қызметкерлерінің дербес құқықтарының кепілдік қорғалуы және заңнамаларда олардың принциптерін анықтайтын сотталғандар мен қызметкерлердің құқығын салыстырмалы толықсыздықты, қисынсыздықты, қарама-қайшылықты байқауға мүмкіндік береді, яғни қызметкерлердің қорғалу құқығы сотталғандардың қорғалу құқығымен тепе-теңсіздігі. Осы тепе-теңсіздік қызметкердің құқығын қамтамасыз ету ведомствоаралық мақсаттар мен міндеттердің көлеңкесінде қалып қояды. Алайда сотталған қызметкерлердің пенитенциарлық процесс үшін дербес және қызметтік құқығын қамтамасыз етудің маңызы, оның ішінде қызметкерлердің құқығы – сотталғандардың міндеттері керісінше, пенитенциарлық құқықта сотталғандардың құқығын қамтамасыз ету басымдылығындағы мағынасына сәйкес [5].

Теңгерімділік заңнамалық және құқық қолданушылық проблемасы болып табылады, оны шешу қызметкерлер мен сотталғандар қоғамдастығындағы барлық пенитенциарлық процестің қылмыстық-атқарудың адамгершіліктік мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Бұл қызметкерлердің өз қызметтік құқықтарын, міндеттерін орындауы және сотталғандардың құқығын қамтамасыз ету, «өтеу» – бұл сотталушының өз міндеттерін орындауы және қызметкерлердің өз міндетін атқарумен байланысты өз құқығын қамтамасыз етуі. Теңгерімділік орындау мен өтеу процестерінің бірлік факторы болып табылады, оның ішінде орындаушылар мен сотталғандардың, тұтқындалғандардың өзара байланысы мен өзара шарттылығының құқықтық мықтылығы, ал оны іс жүзіне асыруда пенитенциарлық процестің мазмұнын және оның процестерінің бірлігін құрайды, сотталғандардың құқығы – жазаны орындаушылардың міндеттері [6].

Пенитенциарлық процестің негізгі субъектілері заңды теңдігі, оның заңдылығы мен

тұтқынның және қылмыстық жазаны орындаудың пенитенциарлық құралы тұтқынның және сотталушының өкіну процесінің субъективті түрін еркін таңдай алумен анықталады. Сотталушының, тұтқынның және қызметкерлердің құқығының қамтылғандығының нақты тепе-теңсіздігі сотталушының өзін қорғау құқығын белсенді күшейте алады, соның ішінде прокуратураға, соттарға, құқыққорғау органдары мен ұйымдардың әрекетін бақылаушы, адам құқығын қорғау Еуропалық сотына арыз беруіне болады. Өзін-өзі қорғау тұтқындалушының, сотталушының, қызметкердің заңды қызығушылығы қарама-қайшылықты шиеленістіреді, жазасын өтеу кезінде тұтқындалушы мен сотталушының наразылығы құқық бұзушылыққа алып келеді. Қайшылықтар тұтқындар мен сотталғандардың заңда айтылған құқықтарын іс жүзіне асыруын жеткілікті материалдық қамтамасыз етудің конфликті әлуетін құрайды, олардың мерзімін орындау мен өтеудің заң талап ететін тәртібі мен жағдайының болмауы нақты режимдік құқықтық тәртіптің жетіспеуіне және тұтқындалушының өтеуі мен қылмыстық жазасының пенитенциарлық мақсатына алып келеді. Рұқсат етілмеген құқықтық, заңдық ұйымдар мен басқармалардың ұйымдық, дербестік, тұрмыстық және басқа проблемалармен байланысты пенитенциарлық процестері қызметкерлердің заңда жазылған алгоритмдерді орындауына қиындық туғызады, тұтқындалушының – тұтқындық және қылмыстық жазасын өтеуі, қылмыстық-атқару процесінің тікелей қауіпі болатын қызметкерлердің қателіктерімен белгіленеді, оның субъектісі, оның құқығы өз кезегінде тұтқындалушы мен сотталғандардың қылмыстық-атқару қауіпінің факторлары болады.

Пенитенциарлық қауіпсіздікті қамсыздандырудың мәні пенитенциарлық құқықтың құқықтық күштілігін құрайды, ол заңда белгіленген заңдылық, адамгершіліктік, демократияшылдық, құқықтық шындық, теңдік, өкіну және т.б. материалдық жиынтықтар құқықтық құбылыстардың принциптері мен белгілері, бұл қауіпсіздікті құрайтын материалдық жиынтық – пенитенциарлық процестердің, қатынастардың, олардың өмір тіршіліктегі субъектілері мен басқа да элементтерінің қорғалған жағдайы. Осы қорғампаздықтың (қауіпсіздік) жаңа түрі деп тұтқынның, қылмыстық жазаның пенитенциарлық орындалуын қамтамасыз ететін нәтижесін айтады. Ресейде ҚАЖ-дың қайта қалыптасуы құқықтық және пенитенциарлық процестердің орындалуын және тұтқыннан, қылмыстық жазадан босау және тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ішкі және сыртқы пенитенциарлық қауіпсіздігін ұйымдастыру жағдайын құрайды. [7]

Қамтамасыз етілген пенитенциарлық қауіпсіздік нақты заңды, адамдық, демократиялық, субъективтік үдерістердің тәжірибеде орындау және тұтқын мен қылмыстық жазаларды өтеумен анықталады. Шын мәнінде, пенитенциарлық қауіпсіздікті қамсыздандыру адамгершілікті көрсетіп, оны іс жүзіне асыру, нақты айтқанда адамгершілік дегеніміз пенитенциарлық қауіпсіздік болып табылады. Пенитенциарлық заңнаманың кесімді қауіпсіздігі тұтқынның және сотталған қызметкерлердің құқықтарының қамтылуы, заңды, демократиялы, тұтқын мен қылмыстық жазаларын қауіпсіз орындау – құқықтық пенитенциарлық адамгершілік пен құқықтық пенитенциарлық қауіпсіздік болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Алфёров Ю.А. Пенитенциарная социология. – Домодедово, 1995. – 177 с.
- 2 Бражник Ф.С. Пенитенциарное право. – М.: Норма, 1994. – 176 с
- 3 Дементьев С.И. Лишение свободы: Уголовно-правовые и исправительно-трудовые аспекты. – Ростов-на-Дону, 1981. – 45 с.
- 4 Дуюнов В.К. Наказание в Уголовном праве России – принуждение или кара? // Государство и право. – 1997. – № 11. – С. 61 – 68.
- 5 Зубков А.И. и др. Пенитенциарные учреждения в системе министерства России: история и современность. – М.: Изд-во «Наука», 1998. – 172 с.
- 6 Катаева Н.А. Социальная работа в микрорайоне с подростками склонными к правонарушениям. – Киров: «Вят-слово», 1997. – 166 с.
- 7 Максимов А. Социология преступности: Кто есть кто. – М.: Эксмо, 1997. – 454 с.

8 Пишелко А.В., Белослудцев В.И. Психолого-педагогические проблемы укрепления законности органов исполнения наказания. – Домоделово: РИПК МВД РФ, 1996. – 83 с.

9 Социальная работа в пенитенциарной системе // Фирсов М.В., Студёнова Е.Г. Теория социальной работы: учебное пособие. – М.: Владос, 2000. – С. 201–217.

References

- 1 Alferov YA Prison sociology. – М., 1995. – 177 p.
- 2 Hyles FS Penal law. – М.: Norma, 1994. – 176
- 3 Dement'ev SI Incarceration: Criminal law and forced labor issues. – Rostov-on-Don, 1981. – 45.
- 4 Duyunov VK Punishment in Criminal Law Russia – coercion or punishment ? // State and Law. – 1997. – № 11. – P. 61–68.
- 5 AI Zubkov and other penal institutions under the Ministry of Russia : history and modernity. – М.: Nauka, 1998. – 172.
- 6 NA Kataeva Social work in the neighborhood with teenagers prone to delinquency. – Kirov: Vyatka – word, 1997. – 166.
- 7 Maksimov A. Sociology of Crime: Who's Who. – М.: Penguin Books, 1997. – 454.
- 8 Pischelko AV Belosludtsev VI Psycho -pedagogical problems of strengthening the rule of punishment. – М.: Ripken Interior Ministry, 1996. – 83.
- 9 Social work in the prison system // MV Firsov, EG Studenova Theory of Social Work : Teaching, allowance. – М.: Vlados, 2000. – S. 201–217.